



НАЗАРБАЕВ УНИВЕРСИТЕТІНІҢ «ӘЛЕУМЕТТІК ДАМУ ҚОРЫ»
КОРПОРАТИВТІК ҚОРЫНЫҢ

2020 ЖЫЛҒА АРНАЛҒАН ЖЫЛДЫҚ БАҒДАРЛАМАЛЫҚ ЕСЕБІ



Мазмұны

| | |
|--|-----------|
| Қор Басқармасының төрағасы А. Б. Сәрінжіповтің кіріспе сөзі | 2 |
| Қор туралы жалпы ақпарат | 3 |
| Қорды трансформациялау. Демеушіліктен әлеуметтік инновацияларға | 4 |
| Қор қызметінің бағыттары | 6 |
| NU Staff | |
| «Талап» стипендиясы | 6 |
| NU Students | |
| Білім беру гранттары мен стипендиялары | 7 |
| Студенттерді қолдау бағдарламасы | 8 |
| Студенттік бастамалар | 9 |
| NU Community | |
| NU Alumni | 10 |
| Young Researchers Alliance | 11 |
| Kazakhstan Educational Research Association | 12 |
| Қордың әлеуметтік жобалары #SDFGRANTS2020 | 13 |
| Khan Academy Qazaq | 14 |
| Women in Engineering | 14 |
| Qaces | 14 |
| Mental Wellness | 15 |
| Hello Aul | 15 |
| ӨзімÓзім | 15 |
| Refillme | 15 |
| ТопыраQ | 15 |
| Ornek | 15 |
| COVID Initiatives | 16 |
| Бағдарламалар мен жобаларды қаржыландыру | 17 |
| Инновация және кәсіпкерлік | 18 |
| Қордың даму жоспарлары және алдағы уақыттағы перспективалары | 20 |

Қор Басқармасы Төрағасының кіріспе сөзі

жобаны жүзеге асыруда. Маңызды құрылымдық-ұйымдастырушылық қадам - Қордың Jusan Holding қаржы институттарымен интеграциялану қаржылық тұрақтылықты құруға арналған іс-шараны аяқтауы болды.

Әрине, біз 2020 жылы коронавирустық инфекцияның таралуын болдырмауға бағытталған Университеттің ауқымды науқанынан да қалыс қалған жоқпыз. Қор медицина қызметкерлерінің балаларына ноутбуктерге, жеке қорғаныс құралдарын сатып алуға, студент-медик болған еріктілердің еңбегіне ақы төлеуге, сондай-ақ 40 орындық стационар ұйымдастыруға қаражат бөлді.

Өткен жыл жаппай біздің қоғам үшін сын-тегеурін жылы болды. Мен Назарбаев Университетінің студенттеріне, қызметкерлеріне, біздің серіктестерімізге сыртқы жағдайларға қарамастан, табысқа жетуде ұмтылып, трансформацияға дайын болғандары үшін алғыс айтқым келеді.

Қор алдағы уақытта да өз қызметінде әлеуметтік бағыттылықты ұстанатын болады, ал импакт-инвестицияларды дамытуға таңдалған стратегия 2021 және одан кейінгі жылдарда Назарбаев Университеті құрылымындағы интеграцияланған буынға, яғни бізге оның Үшінші миссиясын іске асыруға барынша тиімді шоғырлануға мүмкіндік береді».

Құрметпен,
Назарбаев Университетінің Әлеуметтік
даму қорының Басқарма төрағасы

Аслан Сәрінжіпов



«Құрметті достар! Құрметті оқытушылар, студенттер және серіктестер! Қордың 2020 жылы жүріп өткен жолына көз жүгірте отырып, біз тамаша нәтижелерге қол жеткіздік деп сенімді түрде айта аламыз. Қор жастардың сапалы білім алуына жәрдемдесу, қызметкерлердің академиялық және ғылыми қызметін дамыту, сондай-ақ Назарбаев Университетінің студенттері мен түлектері арасында әлеуметтік, ғылыми бастаманы қалыптастыру үшін қолайлы ортаны қамтамасыз етуге арналған бағдарламаларды іске асыруды жалғастырды.

Қор қызметінің бастапқы мақсаты – қоғамды білім беру және ғылыми-зерттеу салаларында дамыту - бұл бүгінгі күні біз үшін өзекті болып қала береді. Егер осы жылдар бойы біз еліміздің болашақ көшбасшыларын тәрбиелей отырып, NU Community-дің дамуына үлес қосқан болсақ, қазіргі уақытта бүкіл қазақстандық қоғамға пайдалы болуға ұмтылу үшін жасалатын әрекет аясын кеңейтудеміз. Назарбаев Университеті және біздің Қор жұмыс істеген уақыт ішінде оның құрамында жарқын адамдар қауымдастығы бар екенін, оларда Назарбаев Университеті қауымда-

стығынан тыс жерлерде таратуға дайын бастамалар мен идеялар бар екенін байқадық. Бұл қоғам мен қоршаған орта проблемаларын шешуге әлеуметтік-түрлендіруші кәсіпкерлік жобалар арқылы тікелей үлес қосуға мүмкіндік беретін Impact Investments жаңа бағытына серпін берді.

Осылайша, Қорда #SDFGRANTS әлеуметтік бастамаларды қолдау бағдарламасы бастау алды, оның аясында Назарбаев университетінің қызметкерлері, студенттері мен түлектері 9 түрлі



Қор туралы жалпы ақпарат

«Әлеуметтік даму қоры» корпоративтік қоры (бұдан әрі – Қор) Назарбаев Университетінің студенттері мен қызметкерлеріне, сондай-ақ біздің еліміздегі қоғамының дамуымен байланысты қоғамдық бірлестіктерге өтеусіз қаржылық, ақпараттық, әкімшілік және ұйымдастырушылық көмек көрсету үшін құрылған.

Құрылтайшысы - «Назарбаев Университеті» дербес білім беру ұйымы.

Басқару органдары - Құрылтайшы, Қамқоршылық кеңес және Басқарма.

Түйінді қағидаттары




Түйінді бенефициарлар



Қорға әлемдік және қазақстандық жетекші компаниялар қаржылай қолдау көрсетті

Қордың демеушілері



шет мемлекеттердің елшіліктері және басқалар

Қорды трансформациялау: демеушіліктен әлеуметтік инновацияларға

Назарбаев Университеті оқытушыларының ғылыми-зерттеу қызметіне демеушілік жасау (2017-ға дейін)

Назарбаев Университеті қызметкерлерінің кәсіби дамуына арналған «Талап» стипендиясы (қазіргі уақытқа дейін)

Назарбаев Университетінің Студенттік қорын басқару (қазіргі уақытқа дейін)

Назарбаев Университетінің студенттеріне арналған «Гранттар, стипендиялар және қолдау бағдарламасы» бағдарламасы

#SDFGRANTS2020 әлеуметтік жобаларға арналған гранттық байқаудың басталуы

COVID-19 таралуын болдырмау жөніндегі іс-шаралар

2012

2014

2016

2017

2018

2019

2020

Назарбаев Университетінің қызметкерлеріне арналған тұрғын үй бағдарламасы (2019-ға дейін)

«Astana Business Campus» жобалық кеңсесі

Қордың институционалдық өзгерістерінің басталуы

Назарбаев Университеті қоғамдық бірлестіктерінің қызметін қолдау – NU Alumni, YRA, KERA (қазіргі уақытқа дейін)

«Astana Business Campus ғылыми паркі» жобасы

2020 жылы Қор қызметін трансформациялау басталды. Қор тек Назарбаев Университеті қоғамдастығының және оның ұйымдарының ішкі қажеттіліктеріне демеушілік жасаудан жалпы алғанда, қоғамның игілігіне бағытталған инновациялық әлеуметтік және кәсіпкерлік бастамаларды қолдауға көшті.

Осылайша, Қор қаржыландыратын жобалар NU Community аясынан шығып, жаппай халыққа көмектесуге арналды.

Әлеуметтік бастамаларды қолдауға таңдалған бағыт одан әрі жалғасатын болады, әзірге, біз Қордың 2020 жылғы түйінді жобаларының жетістіктерімен бөліскенімізге қуаныштымыз.



ИМПАКТ-ИНВЕСТИЦИЯЛАУ



ӘЛЕУМЕТТІК ЖОБАЛАР



ӘЛЕУМЕТТІК ЖАУАПКЕРШІЛІК



ДЕМЕУШІЛІК ЖӘНЕ ҚАЙЫРМАДЫЛЫҚ





Қор қызметінің бағыттары

NU Staff

«Талап» стипендиясы



Университет және оның ұйымдарының мамандары үшін магистратура, докторантура, PhD бағдарламалары бойынша оқуды жалғастыру және Назарбаев Университетінде жұмыс істей отырып, тағылымдамадан өту мүмкіндігі



Постдокторлық зерттеулер жүргізу мүмкіндігі



Стипендиаттар алған білім мен дағдыларды Университет қоғамдастығына кіріктіру



Назарбаев Университетінің оқытушы-профессорлық құрамының қатарын отандық мамандармен толықтыру

Озық білім мен оқыту техникасын меңгерген, практикалық зерттеулер тұрғысында тәжірибесі бар және студенттердің білімге құштарлығын оята алатын мықты кадрлық құрам - Назарбаев Университетінің басты ерекшеліктерінің бірі болып табылады.

Қор Университет ұйымдарының құрамындағы кадрлық әлеуетті дамытуды қолдауға ұмтылады. Дәл осы мақсатта Назарбаев Университетінің отандық қызметкерлері мен оқытушылары арасынан перспективалы кадрлардың одан әрі өсуі үшін, бастапқы

алаң ретінде 2012 жылы «Талап» стипендиясына бастамашылық жасалды.

«Талап» стипендиаттары үшін қаржыландыруды бағыттап отырып, Қор ең алдымен Назарбаев Университеті студенттерінің білім алуына өз үлесін қоса алатын жоғары деңгейдегі кәсіпқойларды дамыту міндетін басшылыққа алады. «Талап» стипендиясы иегерлері студенттерге қоғамдық тұрмысты жақсы жаққа өзгертуге қабілетті үздіксіз ғылыми ізденістің маңыздылығын көрсетуге мүмкіндік береді.

2020 жыл

2

стипендиат профессорлар ассистенттері болды

Жанат Капасов

Пьер және Мари Кюри Университеті, Франция, Робототехника және зияткерлік жүйелер саласындағы PhD

Ерлан Аманбек

Остин қ. Техас Университеті, Есептеу ғылымдары саласындағы PhD

3

«Талап» стипендиясының 3 түлегі Университетте постдоқы болды

Гүлмира Қанаева

Кембридж Университеті, Ұлыбритания, Білім беру саласындағы PhD

Айбек Ниетқалиев

Вуллонг Университеті, Австралия, Мехатроника саласындағы PhD

Айнұр Бегалинова

Манчестер Университеті, Ұлыбритания, Информатика саласындағы PhD

2012 жылдан бастап барлығы

61 қызметкер стипендия иегері болды

53 оқуды аяқтады

22

PhD

оқуды аяқтағандар – 15 ағымдағы – 7

20

Master

оқуды аяқтағандар – 19 ағымдағы – 1

1

Postdoc

18

Тағылымдама

NU Students

Білім беру гранттары мен стипендиялар

Кейде мақсатқа жету үшін бір ғана қадам қалады. Жоғары академиялық жетістіктері бар, бірақ мемлекеттік білім грантын ала алмаған Назарбаев Университетінің талапкерлері үшін Қор өзінің гранттары мен стипендияларын тағайындайды. Академиялық еңбегі негізінде іріктеу жүргізе отырып, білім алуға және оны қолдануға бағытталған болашағы зор студенттерге Назарбаев Университетінің мүдделілігі бар екенін көрсете отырып, біз сол қадамды жауға көмектесеміз.

Білім беру гранттары мен ай сайынғы стипендияларды ұсыну жөніндегі бағдарламаны іске қосу 2018 жылы басталды. Осы уақыт ішінде 61 студент, оның ішінде 15 елден келген 28 бейрезидент студент Қор қолдауымен тегін оқу мүмкіндігіне ие болды.

Осындай студенттер бойынан болашақ көшбасшыларды көре отырып, Қор бұл қолдау - алға ілгерілеуге ынталандырудан

да жоғары деген сенімділікті басшылыққа алады. Бұл студенттерді тарту болып табылады. Назарбаев Университетінің болашақ студенттері қабылдау тестілерінің нәтижелері бойынша маңызды іріктеуден өтеді. Еліміздің жетекші жоғары оқу орнынан грант алу жастарды шабыттандырады, көрсетілген сенім несиесін ақтауға ынталандырады. Біз өз жұмысында жоғары көрсеткіштерге ие бола отырып, Қазақстанда білім алуға шешім қабылдаған алдыңғы қатардағы ұрпақты, патриоттарды қолдауға үлес қосатынымызға қуаныштымыз.

Сонымен қатар, Қор шетелдік студенттердің Назарбаев Университетінде білім алуға ұмтылысына назар аударады. Шетелдік студенттер санының артуы әлемге деген жаһандық көзқарасты қалыптастыру үшін қажетті интернационалдық студенттік ортаны дамытуға мүмкіндік береді, сондай-ақ Назарбаев Университетінің халықаралық білім беру кеңістігіндегі ұстанымын күшейтеді.



2020 жыл

5

бакалавриат студенті

17

магистратура студенті

2018 жылдан бастап барлығы

36

бакалавриат студенті

25

магистратура студенті



Студенттерді қолдау бағдарламасы

Сапалы жоғары білімнің барлық артықшылықтарын алу үшін білім беру процесіне толық түрде шоғырлану мүмкіндігі болуы керек.

Қор Назарбаев Университетінің кейбір қиындықтарға тап болған, бірақ білім алуға деген ұмтылысын жалғастыратын студенттеріне туындаған проблемаларды шешуге және оқуын кедергісіз жалғастыруға көмектеседі.

Қордың қолдауымен аз қамтылған отбасылардан шыққан студенттерге назар аударып қоймай, талантты жастар да дамытушы білім беру іс-шараларына қатысуға мүмкіндік алады.

Қолдау бағдарламасы келесілерді қамтамасыз етеді



Қаржылық қиындықтарымен, әлеуметтік осал отбасылардан шыққан білім алушыларды та-



Емделуге көмек көрсету



Халықаралық олимпиадаларға, конкурстарға, тағылымдамаларға қатысу



Студенттік бастамалар

Назарбаев Университетінің студенттерінің жан-жақты даму мүмкіндіктерін жасау мақсатында Қор әртүрлі студенттік бастамаларды қолдайды. Қор бұндай қолдауды студенттердің өз болашағына уақыт бөлуіне сәтті инвестициялау ретінде көрсетеді. Халықаралық конференция, қайырымдылық акциясын өткізу немесе студенттік клуб құру – осының барлығы болашақ кәсіби қызметінде ғана емес, өмірде де пайдалы болатын тәжірибе.

Студенттік бастамаларға қатысудың негізгі артықшылықтары ұйымдастырушылық және басқарушылық қасиеттерді дамыту мүмкіндігі ғана емес, сонымен қатар пайдалы байланыстар желісін ұйымдастыру, топта жұмыс істеуді үйрену, өз күшіне және табысына сенімді арту мүмкіндігі болып табылады.

Осылайша, студенттік бастамаларды қолдаудың маңыздылығы болашақ кәсіпқойлар мен көшбасшыларды қалыптастырудағы буын ретінде оқу процесінен кем емес. Ортақ істің игілігі үшін, бір бастама аясында жұмыс жалпы мақсатты көздеуші әртүрлі адамдарды біріктіреді, сол кезеңде шағын қауымдастықты нығайтады және жаһандық перспективада жеке тұлғалардың әлеуметтенуіне ықпал етеді.

2020 жылдың соңындағы жағдай бойынша Назарбаев Университетінде 100-ден астам студенттік клубтар жұмыс істейді, олардың қызметі Студенттік Қор қаражатына жүзеге асырылады. Студенттік Қор студенттердің жарналарын, сондай-ақ жобаларын іске асыруға берілген демеушілік қаражатты шоғырландырады. Әлеуметтік даму қоры Студенттік Қордың қаржылық әкімшісі болып табылады, оның қызметінің есебі мен ашықтығын қамтамасыз етеді.

2020 жыл

42

Студенттер қоры 42 жобаны жүзеге асырды

2016 жылдан бастап, барлығы

53
млн ₸

немесе студенттік қор шығындарының 20% - ына Қор демеушілік көрсетті

100+

студенттік клуб өтеусіз қаржыландыру алды

40+

Студенттік Қор жылына іс-шараға Қордан қаржыландырылды

NU Community

Қоғамдық маңызы бар іспен біріктірілген адамдар қауымдастығы мақсатқа жету үшін күш-жігердің синергиясы және оларды бір арнаға бағыттау қағидаты бойынша жұмыс істейді. Қорадамдардың өзара сеніміне, бірлігіне, олардың біріге отырып, қоғамның дамуына үлкен үлес қосатын идеялары мен бастамаларына құрмет білдіре отырып, осындай қоғамдық серіктестіктердің қызметін қолдайды.

Осылайша, NU Community құрамындағы бірқатар қоғамдық бірлестіктердің қызметіне ықпал ете отырып, Қор әлеуметтік бастамалардан барынша жоғары нәтиже ала алады. Осындай тәсілдің арқасында Қор NU Community шегінен тыс таратылып, бүкіл елдің игілігіне қызмет етуі мүмкін ауқымды нәтижелерге қол жеткізу үшін қолайлы жағдайлар жасайды.

NU Alumni

NU Alumni – бұл Назарбаев Университеті түлектерінің қоғамдық бірлестігі. Оның миссиясы– Қауымдастық мүшелері, Назарбаев Университеті қоғамдастығы және Қазақстан Республикасы қоғамы арасында өзара тиімді қатынастар құру үшін Назарбаев Университеті түлектерін мүдделі белсенді қоғамдастыққа біріктіру.

Қордың NU Alumni қызметін қолдауы мәлімделген миссиясын жүзеге асыруға ықпал етеді, біздің планетамыздың түкпір-түкпірінде жұмыс істейтін түлектер арасындағы байланысты нығайту Қазақстанда және шетелде Университеттің қызметін танымал етеді.

Қор мен қоғамдық бірлестіктің екі жылдық ынтымақтастығының нәтижесінде 3,5 мыңнан астам түлек нетворкингті дамытуға, құзыреттілікті арттыруға, сондай-ақ түлектердің Университетпен байланысын күшейтуге бағытталған іс-шараларға қатысты.

Қоғамдық бірлестік мүшелері елдің әлеуметтік және қоғамдық өміріне қатыса отырып, белсенді азаматтық ұстанымға ие. Ағымдағы жылы NU Alumni мүшелері COVID-19 #bizbirgemiz таралуын болдырмау қозғалысына қатысты. Сонымен қатар, бірлестіктің бірқатар өкілдері Назарбаев Университетінің академиялық кеңесінің құрамында бақылаушы ретінде нәтижелі жұмыс істеуде.

NU Alumni-дің 2020 жылы Қордың қолдауымен жүзеге асырылған жобалары мен іс-шаралары



IdeaTHON

COVID-19 пандемиясынан туындаған мәселелерді шешуге арналған идеялар байқауы

Disability Talks

қоғамдағы мүгедектік және инклюзивтілік тақырыбы

Winning the Minds

түлектердің халықтың әлеуметтік осал топтарының балаларына арналған менторлық бағдарламасы

Зияткерлік ойындар

түлектер арасындағы нетворкингті дамыту және ғылымның, шығармашылық пен өнердің түрлі салаларына қызығушылықты

E-Tutor.kz

мектеп бағдарламасындағы негізгі пәндері бойынша орта мектеп оқушыларының құзыреттілігін арттыруға арналған әлеуметтік білім беру жобасы

NU Way Podcast

Назарбаев Университеті түлектерінің табыстылық тарихы



2020 год

260+

YRA мүшелері бүгінде прогрессивті жас ғалымдар қауымдастығын құрайды

1700+

адам жас ғалымдардың, академиктердің және өнеркәсіп мамандарының коллаборациясын құруға бағытталған іс-шараларға қатысты

16

Назарбаев Университетінің 16 студенті FRIP (Fostering Research and Innovation Potential) бағдарламасы шеңберінде зерттеулерге шағын ғылыми гранттар алды. Бұл жас ғалымдарды ғылыми ізденістерді жалғастыруға серпін берді

YRA өкілдері ҚР БҒМ Ғылым комитетінің жұмыс топтарына қатысты, сондай-ақ ҚР Сенаты жанындағы Жас сарапшылар клубының мүшелері болды



II YRA форумы: Ғылым уақыты, Инфодемияға жол жоқ

Young Researchers Alliance

Young Researchers Alliance (YRA) – Қазақстанның және шетелдің жетекші университеттерінің түлектерінен құралған әртүрлі пәндер бойынша жас ғалымдар бірлестігі.

2018 жылы Назарбаев Университетінің жас ғалымдары негізінде құрылған.

12 қазақстандық және 7 шетелдік университеттің жас ғалымдарын біріктіреді.

STEM, гуманитарлық және әлеуметтік ғылымдар қатарынан 260 мүше.

Бірлестік қоғамды әртүрлі салаларда зерттеу және инновациялық қызметте елеулі нәтижелерге қол жеткізген қазақстандық жас ғалымдармен таныстыру арқылы ғылымды танымал етуге ықпал етеді. Оның қызметі академиялық адалдық қағидаттарын, Назарбаев Университетінің, сондай-ақ жетекші шетелдік университеттердің тәжірибесін Қазақстандағы академиялық/ғылыми ортаға тарата отырып, еліміздегі ғылымның дамуына мүдделілік тудырады.

KERA – білім берудегі зерттеулер



KERA

KAZAKHSTAN EDUCATIONAL RESEARCH ASSOCIATION

Қазақстандық білім беру саласындағы зерттеушілер қоғамы KERA (Kazakhstan Educational Research Association) – Қазақстан мен Орталық Азиядағы білім беру саласындағы зерттеулерге жәрдем көрсету мақсатында практиктерді, сарапшыларды, басқарушылар мен зерттеушілерді біріктіретін платформа.

Еуропалық білім беру зерттеушілер қоғамының (EERA) мүшесі.



240

KERA-ның әрекеттегі мүшесі

420

Білім беру саласындағы маман білім беру саласындағы ғылыми зерттеулерді дамытуға және ынталандыруға бағытталған іс-шаралармен қамтылды

7

ҚР педуниверситеті зерттеушілер консорциумын құрды

Педагогикалық ЖОО-ларға арналған зерттеу этикасы бойынша онлайн-сессиялар

Қазақстандық зерттеушілік адалдықты қамтамасыз етудің жүйесін қалыптастыруға алғышарттар жасау мақсатымен, білім беру саласындағы зерттеушілердің Этикалық кодексін әзірлеу

Қордың әлеуметтік жобалары #SDFGRANTS2020



Жылдан жылға NU Community қатысушылары Қордың қолдауымен түрлі бастамаларды жүзеге асырып келеді. Олар көбінесе Назарбаев Университеті қоғамдастықтары мүшелерінің мәдениет үлгісін беруге және құруға бейілділігін көрсете отырып, әлеуметтік сипатқа ие бола бастады. Осы модель төңірегінде қоғамдастықтарды жұмылдыра отырып, Қор 2020 жылы #SDFGRANTS2020 әлеуметтік жобалардың гранттық конкурсын бастай отырып, студенттерге, түлектерге, оқытушыларға, Университет пен оның ұйымдарының қызметкерлеріне қызықты әлеуметтік бағыттарды мониторингілеуді жүзеге асыру туралы шешім қабылдады.

Байқаудың мақсаты - NU Community шегінде ғана емес, сонымен қатар одан тыс жерлерде де мақсатты аудитория тынысының әртүрлі аспектілеріне оң әсер ету әлеуеті бар Назарбаев Университетінің идеялары мен құндылықтарын қоғамда ілгерілету.

Конкурсқа Назарбаев Университетінің және оның ұйымдарының студенттері, түлектері, қызметкерлері, сондай-ақ өздерінде құрылған коммерциялық емес ұйымдар қатысты.

Конкурсқа, барлығы 150 өтінім келіп түсті, бұл Назарбаев Университеті қоғамда-

стығындағы әлеуметтік-пайдалы идеяларға жоғары мүдделілік пен бейілділіктің бар екенін көрсетті. Білім беру, денсаулық сақтау, экология, IT, қаржы және халықтың осал топтарын қолдау саласындағы 24 тәуелсіз сарапшы барлық өтінімдерді балдық негізде бағалады. Конкурстық іріктеу нәтижелері бойынша гранттарды 9 перспективалы жоба алды, олар 2020-2021 жылдар кезеңінде іске асырылатын болады.

Осы жобаларға қаржылық және сараптамалық қолдау көрсете отырып, Қор қайырымдылық және білім беру бастамаларының демеушілігіне назар аударудан импакт-инвестициялауға (әлеуметтік ықпал ету инвестицияларына) жоспарлы көшуді бастады. Мұндай жобалардың әсер ету нәтижесі Назарбаев Университеті қоғамдастықтарынан тыс сыртқы ортаға әсерін таратады.

Ағымдағы түйінді жобалармен бірге әлеуметтік-түрлендіргіш бастамалар бағдарламасын қосу Қорға Назарбаев университетінің үшінші миссиясының дамуына елеулі үлес қосуға мүмкіндік береді. Алдағы уақытта біз #SDFGRANTS2020 жобаларының едәуір бөлігінің ауқымды таралу әлеуеті бар екенін көріп отырмыз және біздің міндеттеріміздің бірі - олардың тұрақты дамуына ықпал ету.

#SDFGRANTS2020 жобаларының барлығы әлеуметтік бағдарланған және әлеуметтік жауапты көшбасшыларды, сондай-ақ болашақ кәсіпкерлерді шығаруға бағытталған. Жеңіп шыққан жобалардың жетекшілерінің қатарына жеті студент кіреді, екі жобаны түлектер басқарды және бір жобаны Назарбаев Университетінің қызметкері басқарды.



«Khan Academy Qazaq»

Грант көлемі – 5 млн ₸

«Khan Academy» халықаралық платформасының материалдары негізінде биология және алгебра бойынша қазақ тілінде 140 бейнесабақ әзірлеу. Дайын контент «Khan Academy Qazaq» платформасына жүктеледі және оқушыларға білім берудің әлемдік стандарттарына сәйкес, мемлекеттік тілде сапалы білім алуға мүмкіндік береді.



Women in Engineering

Грант көлемі – 0,7 млн ₸

Қыз балаларға Назарбаев университетінде оқытылатын инженерия саласындағы мамандықтар туралы білім курстарын өткізу. Оның көмегімен студент-қыздар инженер-студент болудың не екенін, инженерлерге практикалық және теориялық білім негізінде қандай міндеттер мен талаптар қойылатынын білетін болады.



Qaces

Грант көлемі – 1,6 млн ₸

Ағылшын тілін білуді бағалаудың халықаралық тестілеріне дайындалуға неғұрлым тиімді нұсқаулықтар мен оқыту материалдарын мемлекеттік тілге бейімдей отырып әзірлеу Оқу орындары, оның ішінде ауылдық жерлердегі оқу орындары, сондай-ақ облыстық, қалалық және аудандық әкімдіктер мәтіндік және бейне-материалдарды тегін алады.



Mental Wellness

Грант көлемі – 1 млн ₸

Назарбаев Университетінде оқып жатып, күйзелістік немесе ықтимал күйзелістік жағдайға (үлкен оқу жүктемесі, карантин жағдайында оқу форматының өзгеруі және т.б.) түскен студенттерге арналған эмоционалды қолдау моделін әзірлеу



Hello Aul

Грант көлемі – 9,5 млн ₸


Ауылдық жердегі оқушыларға helloaul.kz платформасы арқылы ағылшын тілі курстарын онлайн-форматта өткізу. Курстың ұзақтығы – 2 ай. Оқытушы ретінде 80-ге дейін волонтер тарту жоспарлануда.



ӨзімӨзім

Грант көлемі – 10 млн ₸

Мүмкіндіктері шектеулі ерте жастағы балалармен ата-аналарының өз бетінше жұмыс істеуіне көмек көрсету үшін 100-ден астам пайдалы материалдары бар қосымша/сайт құру.



Refillme

Грант көлемі – 1,9 млн ₸

Косметикалық құралдарды құюға арналған аппараттарды дайындау және оларды эко-дүкендер алаңдарында сатуды ұйымдастыру. Осылайша, сатып алушы қаптаманы сатып алуға қаражат жұмсамайды және косметиканы қолданғаннан кейін қоқыс қалдықтарына тасталатын пластиктер мөлшері азаяды.



TopyraQ

Грант көлемі – 1,3 млн ₸

Тамақ қалдықтарын өңдеуге арналған 150 вермикомпостер өндіру және оларды 300 адамға пайдалануға үйрету. Вермикомпостер – бұл топырақ пен компост құрттары бар, тамақ қалдықтарын жеп, оларды тыңайтқыш-вермикомпостқа айналдыратын жабық қондырғы.



Ornek

Грант көлемі – 0,2 млн ₸

Мүмкіндігі шектеулі балаларды әлеуметтендіру және инклюзивті қоғам идеясын ілгерілету үшін оларға арт-сессиялар ұйымдастыру. Жобаның басты мақсаты-мүмкіндігі шектеулі балаларды терапевтік әсер ететін шығармашылық қызметке тарту.



COVID Initiatives

Назарбаев Университетінің интеграцияланған бөлігі болып табылатын Қор Қазақстанда COVID-19 таралуын тежеуге арналған іс-шараларды жүзеге асыруға белсенді қатысып, 2020 жылы ең өткір деген проблеманы шешуден қалысқан жоқ.

Біз коронавируспен күресте Денсаулық сақтау жүйесін қолдау бойынша бірқатар бастамалар өткіздік, сондай-ақ University Medical Center (UMC), Назарбаев Университеті Жоғары бизнес мектебі түлектерінің қауымдастығы, Ұлттық еріктілер желісі және Астана медицина университетімен әріптестікте медицина қызметкерлерінің отбасыларына көмек көрсеттік.

Денсаулық сақтау жүйесі

100

инфрақызыл термометрлер

97 351

жеке қорғану құралдары

40

стационарлық емдеу орыны ұйымдастырылды

Қоғам

100

ноутбук Қазақстанның 7 өңірінде кіші медициналық персоналдың балаларына




70

волонтер болып жұмыс істеген - медик - студент қаржылай қолдау алды



2020 Ж. БАҒДАРЛАМАЛАР МЕН ЖОБАЛАРДЫ ҚАРЖЫЛАНДЫРУ



БАРЛЫҒЫ : 650,1 млн ₸



Инновация және кәсіпкерлік

Алдағы уақытта Қор импакт-инвестициялау – әлеуметтік-түрлендіргіш инновацияларға және әлеуметтік кәсіпкерлікке инвестицияларды қоса алғанда әлеуметтік-бағдарланған қызметке назар аударуды жоспарлап отыр. Коммерциялық және бизнес-міндеттер, өз кезегінде, Жобалық кеңседен және «Научный» тұрғын үй кешенінен» қайта құрылған «Astana Business Campus»

ЖШС (ABC) еншілес компаниясының басқару аймағына берілді. Мұндай бөлу Қордың мақсатына қол жеткізуге – NU Community қатысушыларының ғана емес, бүкіл елдің өмір сүру сапасын жақсартуға бағытталған әлеуметтік маңызы бар жобаларды қолдау мен іске асыруға ықпал етеді.

Бүгінгі таңда «Astana Business Campus» ЖШС келесі мамандандыруларға ие бола отырып, Назарбаев Университетінің аттас ғылыми паркін құруда



Гранттар беру



Қазақстандық және шетелдік стартаптарға венчурлік инвестициялар, инвестициялық қызмет



Назарбаев Университетінің жылжымайтын мүлік объектілерін сатуды, жалға беруді және пайдалануды басқару

2020 жыл «Astana Business

400

жоба – Нұр-Сұлтан қ. акселератор қатысушылар

39


жеңімпаз

8

стартап (7 жеңімпаз + 1 сырттан) қаржыландыру алды

4

жоба NU Community мүшелері бастамашылық жасады




АВС қызметінің құрылымындағы инновациялардың бағыты стартаптарға, ең алдымен технологиялық кәсіпкерлікке инвестиция салумен тығыз байланысты. Қордың еншілес компаниясы венчурлік қаржыландыруды – жоғары тәуекелдері бар технологиялық жобаларға инвестицияларды басқарады. Өз кезегінде, инвестициялық қызметтен алынған дивидендтер Қордың әлеуметтік бастамаларын дамытуға бағыттала-тын болады.

Осылайша, Қордың екі негізгі бағыты – инновациялар мен кәсіпкерлік біздің қызметімізде әлеуметтік проблемаларды кәсіпкерлік құралдармен прогрессивті шешу және еншілес ұйым – Astana Business Campus стартаптарды венчурлік қаржыландырудан көрінеді.

Жылжымайтын мүлікті



«Научный» ТК
Салынған және қоныстануға дайын



«Научный-2» ТК
Салынған және пайдалануға берілуі күтілуде

«Научный» ТК

207
пәтер

Автопаркингтері бар 130 пәтердің иелері Назарбаев Университеті қауымдастығының мүшелері болды

- «Назарбаев Университеті» ДБҰ
- «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДБҰ
- «University Medical Center» КҚ
- «USM Astana» ЖШС
- «Astana Business Campus» ЖШС
- «NURIS» ЖҚ
- «NATIONAL Laboratory Astana» ЖҚ
- «NAC Analytica» КҚ
- «Әлеуметтік даму қоры» КҚ
- «Салынып жатқан кәсіпорын дирекциясы» ЖҚ
- «Назарбаев қоры» ЖҚ

256
автопаркинг

26 пәтер және 111 автопаркинг сыртқы нарыққа орташа нарықтық бағамен сатылды



Қордың даму жоспарлары және алдағы уақыттағы перспективалары



Бүгінгі таңда Қор Назарбаев Университетінің қоғамдастықтарын дамытуда айтарлықтай табыстарға қол жеткізе отырып, өзінің қызметін кеңейту қажет екенін көріп отыр. Біз неғұрлым жаһандық ауқымда өз көрінісін таба алатын құнды тәжірибе жинақтадық.

Қор алдағы уақыттағы жұмысына қоғамның проблемаларын бизнес-тәсілді қолдана отырып шешуге қатысу міндетін қояды. Бұл үшін біз әлемдік трендтерге сүйене отырып, отандық импакт-инвестицияларды дамытатын жаңашыл компаниялармен қатар болуды жоспарлап отырмыз.

Әлеуметтік ықпал ету инвестициялары қызметі кәсіпкерлік құралдар мен инновациялық тәсілді пайдалана отырып, қоғамдық маңызы бар салалардағы оң өзгерістерге бағытталған жобаларды қолдайды. Қаржылық нәтижеге қол жеткізумен қатар, олардың басым мақсаты қоғамға өлшемді әлеуметтік әсер ету болып табылады.

Импакт-инвестициялардың объектісі бүгінде Қазақстанда енді ғана танымал болып келе жатқан әлеуметтік кәсіпкерлік жобалар болып табылады. Әлеуметтік кәсіпкерлік белгілі бір әлеуметтік мәселені шешу немесе қоғам пайдалы болу мақсатында жүзеге асырылатын қызметті білдіреді.

Әлеуметтік кәсіпкерліктің форматтары әртүрлі болуы мүмкін, бірақ олардың барлығын бизнес-әдістерді қолдану арқылы жоғары әлеуметтік қосылған құн құруға деген ұмтылыс біріктіреді.

Қордың ауқымды ресурстық базасы бар, қаражаттан, Назарбаев Университетінің әдіснамалық тәжірибесінен, оның инфрақұрылымдық мүмкіндіктерінен және 10 жылдық қызмет тәжірибесінен құралған.

Бірақ біздің басты капиталымыз - бұл адамдар: жас ғалымдар, жастар көшбасшылар, оқытушы-профессорлық құрам, студенттер мен түлектер. Назарбаев Университетінің құндылықтарын бөлісетін, өзінің инновациялық идеяларын сырттан таратуға дайын пікірлестердің үлкен қауымдастығы.

Біз ортақ дамуға және өмірдің жоғары сапасына кепілдік беретін әлеуметтік-экономикалық жүйені бірге құра отырып, NU Community мүшелерінің қатысуымен әлеуметтік жобаларға инвестиция салуға және сараптамалық қолдау көрсетуге ниеттіміз. Ұзақ мерзімді перспективасы бар жобалар басым болып табылады. Олар үшін Қор одан әрі тұрақты өсудің іргетасы болуға дайын.

Қор жобаларының әлеуметтік инновациялары импакт-инвестициялаудың келесі мақсаттарына жауап беретін болады

| | | | |
|--|---|--|---|
| | <p>Әлеуметтік әсердің ең жоғары деңгейіне қол жеткізу</p> | | <p>Тұрақты даму мақсаттарын ескере отырып басқару</p> |
| | <p>Осы әсердің өлшемділігі</p> | | <p>Қаржылық пайда табуға ұмтылу (екінші мақсат)</p> |

Қор өткен әлеуметтік бағдарламаларды іске асыруды жалғастыра отырып, сондай-ақ өзінің назарын импакт – инвестициялауға, ал еншілес ұйымы «Astana Business Campus» ЖШС-венчурлық қаржыландыруды және технологиялық жобаларды басқаруға шоғырландырады. Бұл ретте Қордың қолдауын алатын және жоғары кәсіпкерлік әлеуеті бар жобалар алдағы уақытта ABC-тан инвестициялар алу мүмкіндігіне ие болады. Іріктеу кезінде басымдық ESG-нің қоршаған ортаны сақтауға үлес қосу, барлық стейкхолдерлермен қолайлы қарым-қатынас жасау, сондай-ақ корпоративтік басқарудың озық тәжірибелерін ұстану бойынша жоғары көрсеткіштерін сақтайтын жобаларға берілетін болады

Жаңа бағдарды ала отырып, импакт-инвестициялау секторында жетістікке қол жеткізгендердің және Қазақстандағы әлеуметтік кәсіпкерлікті қолдай отырып, өзара тиімді серіктестікке дайынбыз дегендердің баста-

маларын қолдаймыз. Бірлескен жұмыс қана үйлесімді экожүйені құруға мүмкіндік береді деп ойлаймыз, мұнда қоғамның игілігі үшін жеке және жаһандық мақсаттарға қол жеткізе отырып әр қатысушы бір-бірін толықтырады.

Қорларды, коммерциялық құрылымдарды және жеке инвесторларды классикалық коммерциялық және қайырымдылық жобаларымен қатар, халықаралық деңгейде қоршаған ортаға ұзақ мерзімді әсер ете отырып, өзінің келешегін дәлелдеген әлеуметтік ықпал ету инвестицияларының трендіне назар аударуға сенімді түрде шақырамыз.

Осылайша, Қор қоғамға ұзақ мерзімді ықпал ете алатын әлеуметтік инновациялардың дамуына үлес қосу арқылы тұрғындардың кең ауқымына пайда әкелуге ұмтыла отырып, 2020 жылы басталған жұмысын әрі қарай жалғастырады.

БАЙЛАНЫС АҚПАРАТ

- fund.nu.edu.kz
- +7 (7172) 72 56 22
- sdf@nu.edu.kz